

СЫН-ПІКІР

Дипломдық жоба  
(жұмыс түрінің атауы)

Құрбаева Ануа Аманжолқызы  
(білім алушының аты-жөні)

55075200 - Инженерлік маманар жөне тәжірибелер  
(мамандық атауы және шифр)

Тақырыбы: Ғұр-Сәтбаев қаласының Сәтбаев-Батыс

ауданын орталықтандырып жасау жөне тәжірибелер

Орындалды:

а) сызба материалдары 5 бет

б) түсініктемелік жазба 38 бет

ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Дипломдық жоба берілген тапсырма бойынша орындалған. Қаланың орналасу орнына байланысты мәжілістер анықталған.

Дипломдық жобаның келесідей ескертпелер жасалған:

- орталықтандырып жасау жөне тәжірибелер

- кейбір сызбаларда өлшемдерін дұрыс таңдамаған.

Жұмысты бағалау

Құрбаева А. А. дипломдық жобасына жасап (90%) орындалған. Құрбаева Ануа 55075200 - Инженерлік маманар жөне тәжірибелер" мамандығы бойынша техника жөне технология бақылау жөне тәжірибелер беруге бағалған.

Сын-пікір беруші

Тексерген, "СтройДизайн Проект" жшс, директоры



Джармаев А. А.

(аты-жөні)  
2022 ж.

**ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ**

**ПІКІРІ**

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Кдырбаева Азиза Амангелдиқызы

(білім алушының аты-жөні)

5B075200 Инженерлік жүйелер және желілер

(мамандық атауы және шифр)

Тақырып:

Нұр-сұлтан қаласының солтүстік-батыс ауданын орталықтандырылған жылумен қамту

Дипломдық жоба бекітілген бұйрыққа сәйкес және тапсырма бойынша орындалған. Дипломдық жобалау кезінде студент Кдырбаева А. жақсы теориялық білім көрсетіп, дипломдық жобаның бөлімдерінің негізгі сұрақтарын толық орындады және арнайы әдебиеттер мен нормативті-анықтамалық құжаттарды қолдана білді.

Студент Кдырбаева А. дипломдық жобаны орындауда Word, Excel, AutoCad компьютерлік бағдарламаларын қолданды. Дипломдық жобаның түсініктемелік жазбасы 38 беттен және 3 қосымшадан, графикалық бөлімі 6 беттен тұрады.

Дипломдық жобаның түсініктемелік жазбасы 36 беттен және 3 қосымшадан Word бағдарламасында, ал графикалық бөлімі 6 беттен AutoCad-та жақсы деңгейде орындалған.

Кдырбаева А. дипломдық жобасын «жақсы» (87 б) бағаға орындады, ал студент Кдырбаева Азизаға 5B075200 «Инженерлік жүйелер және желілер» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры дәрежесін беруге болады.

**Ғылыми жетекші**

ИЖЖЖ кафедрасының

техн.ғыл.канд., қауым проф.



Нурпеисова К.М

(қолы)

« 10 » 05 2022 ж.

## Протокол

### о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

**Автор:** Кдырбаева Азиза

**Соавтор (если имеется):**

**Тип работы:** Дипломная работа

**Название работы:** Нұр-Сұлтан қаласындағы солтүстік батыс ауданын жылумен қамту ..docx

**Научный руководитель:** Куляш Нурпеисова

**Коэффициент Подобия 1:** 0.1

**Коэффициент Подобия 2:** 0

**Микропробелы:** 0

**Знаки из других алфавитов:** 35

**Интервалы:** 0

**Белые Знаки:** 0

**После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:**

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата

06.05.2022

Заведующий кафедрой

Алимова Р.  
Алимова

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті  
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

**Автор: Кдырбаева Азиза**

**Тақырыбы: Нұр-Сұлтан қаласындағы солтүстік батыс ауданын жылумен қамту ..docx**

**Жетекшісі: Куляш Нурпеисова**

**1-ұқсастық коэффициенті (30): 0.1**

**2-ұқсастық коэффициенті (5): 0**

**Дәйексөз (35): 0.4**

**Әріптерді ауыстыру: 35**

**Аралықтар: 0**

**Шағын кеңістіктер: 0**

**Ақ белгілер: 0**

**Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :**

☒ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

**Негіздеме:**

Күні 06.05.2022 з.

Кафедра меңгерушісі  
Алимова К.  
[Подпись]

## Протокол

### о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

**Автор:** Кдырбаева Азиза

**Соавтор (если имеется):**

**Тип работы:** Дипломная работа

**Название работы:** Нұр-Сұлтан қаласындағы солтүстік батыс ауданын жылумен қамту ..docx

**Научный руководитель:** Куляш Нурпеисова

**Коэффициент Подобия 1:** 0.1

**Коэффициент Подобия 2:** 0

**Микропробелы:** 0

**Знаки из других алфавитов:** 35

**Интервалы:** 0

**Белые Знаки:** 0

**После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:**

☐ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата  
06.05.2022

проверяющий эксперт

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Кдырбаева Азиза Амангелдиқызы

“ Нұр-сұлтан қаласының солтүстік-батыс ауданын орталықтандырылған  
жылумен қамту ”

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Алматы 2022

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5В075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

**БЕКІТЕМІН**

ИЖиЖ кафедра меңгерушісі  
техн. ғыл. канд., қауым. проф.

 Алимова К.К.  
«24» 01 2022ж.

**Дипломдық жоба орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Қдырбаева Азиза Амангелдіқызы

Тақырыбы: Нұр-сұлтан қаласының солтүстік-батыс ауданын орталықтандырылған жылумен қамту

Университет басшылығының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2022 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: солтүстік-батыс ауданының бас жоспары, монтаждың сұлба, есептік сұлба

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы;

в) Экономика бөлімі.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1) Бас жоспар; 2) Есептік және монтаждық сұлба; 3) Жылытуға жылу ағынының графигі; 4) Пьезометрлік график; 5) Көлденең профиль;

6) Технологиялық карта

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау  
**КЕСТЕСІ**

| Бөлімдер атауы,<br>қарастырылатын мәселелер<br>тізімі | Жетекші мен<br>кеңесшілерге көрсету<br>мерзімдері | Ескерту    |
|-------------------------------------------------------|---------------------------------------------------|------------|
| Негізгі бөлімі                                        | 03.02.2022-20.03.2022                             | ориндалған |
| Құрылыс жинақтау<br>жұмыстарының<br>технологиясы      | 23.03.2022-07.04.2022                             | ориндалған |
| Экономика бөлімі                                      | 03.04.2022-10.04.2022                             | ориндалған |

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма  
бақылаушының аяқталған жобаға қойған  
**қолтаңбалары**

| Бөлімдер атауы                                   | Кеңесшілер,<br>аты, әкесінің аты, тегі<br>(ғылыми дәрежесі, атағы) | Қол қойылған<br>күн | Қолы       |
|--------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|---------------------|------------|
| Құрылыс жинақтау<br>жұмыстарының<br>технологиясы | И.З. Кашкинбаев<br>техн.ғыл.д-ры, профессор                        | 07.04.2022          | Кашкинбаев |
| Экономика бөлімі                                 | К.М. Нурпеисова<br>техн.ғыл.канд.,қауым. проф.                     | 10.04.2022          | Нурпеисова |
| Норма бақылау                                    | А.Н. Хойшиев<br>техн.ғыл.канд.,қауым.проф.                         | 06.05.2022          | Хойшиев    |

Жетекші

\_\_\_\_\_ Нурпеисова Нурпеисова К.М.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

\_\_\_\_\_ Кдырбаева Кдырбаева А.А.

Күні

«25» 01 2022 ж.

## **АНДАТПА**

Дипломдық жобада Нұр-Сұлтан қаласының солтүстік-батыс ауданын орталықтандырылған жылумен қамту қарастырылған.

Жобаның негізгі бөлімі жылу желісінің жобасын алдымен жылыту, желдету және ыстық сумен қамту жүйелеріне қажетті жүктемені есептеуден тұрады. Құрылыс-монтаждық технологиясы бөлімінде құрылыс технологиясына қажетті қондырғылар, жобашылар саны анықталды және күнтізбелік жоспар құрылды. Есептеу кезінде Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары талаптарына сәйкес есептеулер жүргізілді.

## **АННОТАЦИЯ**

Дипломным проектом предусмотрено централизованное теплоснабжение северо-западного района г. Нур-Султан.

Основная часть проекта заключается в расчете необходимой нагрузки на системы отопления, вентиляции и горячего водоснабжения в первую очередь проекта тепловой сети. В отделе строительно-монтажных технологий определены необходимые для строительной технологии установки, количество проектировщиков и составлен календарный план. При расчете произведены расчеты в соответствии с требованиями строительных норм Республики Казахстан.

## **ABSTARCT**

The diploma project provides for centralized heat supply of the north-western district of the city of Nur-Sultan.

The main part of the project is to calculate the required load on the heating, ventilation and hot water supply systems, first of all, of the heat network project. In the department of construction and installation technologies, the installations necessary for the construction technology, the number of designers have been determined and a calendar plan has been drawn up. During the calculation, calculations were made in accordance with the requirements of building codes and regulations of the Republic of Kazakhstan.

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                       |    |
|---------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <b>КІРІСПЕ</b>                                                                        |    |
| 1 Негізгі бөлім                                                                       | 8  |
| 1.1 Жобалау ауданының сипаттамасы                                                     | 8  |
| 1.2 Есепті жылу жүктемелері                                                           | 9  |
| 1.3 Жылдық жылу жүктемелер шығыны және ашық жылумен қамту жүйесі                      | 11 |
| 1.3.1 Ашық жылумен қамту жүйелері                                                     | 12 |
| 1.3.2 Жылытуға температуралық графигінің есебі және жылу жіберуді реттеу есебі        | 13 |
| 1.4 Жылу желілерінің құрылымы, төселу тәсілдері және сулы жылу желілері               | 15 |
| 1.5 Есепті су шығындарын есептеу                                                      | 17 |
| 1.5.1 Жылу желілерінің гидравликалық тәртіптері және есебі                            | 19 |
| 1.6 Жылу желілерінің монтаждық сұлбасы және конструктивтік элементтері                | 21 |
| 2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы                                          | 24 |
| 2.1 Құрылыс объектісінің сипаттамасы                                                  | 24 |
| 2.2 Құрылыс-монтаждық жұмыстың көлемінің тізімдемесі                                  | 24 |
| 2.3 Құрылыс-монтаждық жұмыс                                                           | 27 |
| 2.4 Құрылыс жұмыстарының өндіру әдістерін таңдау                                      | 28 |
| 2.5 Құрылыстағы жұмыстар өндірісінің және жұмысшылар қозғалысының күнтізбелік графигі | 31 |
| 2.6 Құрылыс бас жобасы және ресурс қажеттіліктері                                     | 32 |
| 2.7 Монтаждық жұмыс істеу барысындағы еңбек қорғау және техника қауіпсіздік шаралары  | 32 |
| 3 Экономика                                                                           | 34 |
| 3.1 Экономикалық есептемелер                                                          | 34 |
| <b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>                                                                      | 37 |
| <b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>                                                | 38 |
| <b>ҚОСЫМШАЛАР</b>                                                                     | 39 |

## КІРІСПЕ

Жылумен жабдықтау-коммуналдық-тұрмыстық (жылыту, желдету, ыстық сумен жабдықтау) және тұтынушылардың технологиялық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін тұрғын үйлерді, қоғамдық және өнеркәсіптік ғимараттарды (құрылыстарды) жылумен жабдықтау. Ол жергілікті және орталықтандырылған жылумен жабдықтау болып бөлінеді. Жергілікті жылумен жабдықтау бір немесе бірнеше ғимаратқа, орталықтандырылған-тұрғын немесе өнеркәсіптік аймаққа бағытталған.

Бұл жобада Нұр-Сұлтан қаласының солтүстік-батыс ауданын орталықтандырылған жылумен қамту қарастырылды. Жылу желілерін жобалау кезінде және де орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесінің буындары-жылу көздері мен жылу пайдалану жүйелері бойынша құжаматамаға қойылатын талаптарды қамтитын нормативтік құжаттарды ескеру қажет. Жылумен қамту жүйесі ашық жүйе болып табылады. Нұр-Сұлтан қаласының солтүстік-батыс ауданын жабдықтау кезінде бас магистральмен қатар тарамдар ескерілді

Дипломдық жобаның «Құрылыс жинақтау жобаларының технологиясы» бөлімінде ұйымдастырылған техникалық шараларды, күнтізбелік жоспарды, материалды техникалық ресурстардың қажеттілігі, жобашылардың қозғалыс графигі және еңбек шығынын калькуляциялау құрастырылады.

Экономика бөлімінде келтірілген негізгі техникo-көрсеткіштер және шығын есебі қарастырылуы қажет.

Нұр-Сұлтан - 1997 жылғы 10 желтоқсанның бастап Қазақстанның астанасы болып табылады. Нұр-Сұлтан қаласы евразия материгінің орталығында орналасқан. Ол Қазақстанның сыртқы өлкесінің орталығында Есіл өзенінің оң жағалауында, жоғарғы ағымында орналасқан. Оның территориясы Ақмола облысының оңтүстігінде болып, Жеке саяси әкімшілік бөлінуі болып табылады. Нұр-Сұлтан қаласы 5-ші сағаттық белдеуде орналасқан. - Нұр-Сұлтан қаласының географиялық координаттары 53° 0' 0" ш.б.

# 1 Негізгі бөлім

## 1.1 Жобалау ауданның сипаттамасы

Қала ірі магистральдік көлік бойында – оңтүстік солтүстікке қосатын теміржол және автомобиль жолдарында орналасқан. Нұр-Сұлтан Республикасының барлық үлкен қалалармен бұл жолдар және басқа Нұр-Сұлтан – Павлодар, Нұр-Сұлтан – Қытай – Ақтөбе – Атырау, жолдары торабында орналасқан. Бұдан басқа қала Қазақстан үшін көптеген шетелге шығудың мейлінше төте жолы трансевразия аралығында таяу қоныстанған.

Нұр-Сұлтан 5-ші уақыт белдігінде тұр. Нөлдік меридианға қатысты жергілікті уақыттың есептелуі GMT+06.00. Нұр-Сұлтан аумағы үш әкімшілік аймаққа бөлінген: Сарыарқа ауданы, Алматы ауданы және Есіл ауданы.

Қазақстанның астанасы Еуразияның қақ ортасынан орын тепкен. Мұның өзі мемлекетіміздің әлемдегі елдердің басшысымен ашық та достық қарым-қатынасты қалайтындығының символы іспетті. Және бұл сонымен қатар мемлекеттің шет елдермен әр түрлі мақсатта байланыс жасауына жақсы әсерін тигізеді.

Дипломдық жобаға Нұр-Сұлтан қаласындағы солтүстік-батыс ауданын жылумен қамту мақсатында тұрғын үйлермен қоғамдық ғимараттарды қоса жылумен қамту алынды.

Жылумен жабдықтау желілерін жобалау үшін қажетті сыртқы ауаның климатологиялық көрсеткіштерін ҚНЖЕ бойынша қабылдаймыз:

- ең суық бескүндік ауасының температурасы  $t'_o$  = минус 31,2 °C
- жылыту кезеңіндегі ауаның орташа температурасы  $t_{om}$  = минус 6,3 °C;
- жылыту мерзімінің ұзақтылығы  $n_o$  = 209 тәулік;

Климаты – шұғыл континенталды, оңтүстік жаққа қарай құрғақтай бастайды. Қаңтар айында желдің бағыты негізінен солтүстікке қарай бағытталады. Қысына келетін болсақ, қысы суық, ұзақ уақытқа созылады, қар аз болады, кей жылдары өте қатты суық болады. Қыстың суық кезінің созылу мерзімі 245 күн, ал қыстың 5-5,5 ай. Қардың жамылғысы негізінен қараша айының ортасынан басталады, 130-140 күнге созылады. Қаңтар айының орташа температурасы -17°C, шілде айының орташа температурасы - 20-24°C. Жазы ыстық, көбіне қоңыр салқын ауа температурасы тән. Ең жоғарғы температура 35°C. Құрғақ және желді болып келеді. Нұр-Сұлтан қаласындағы желдің орташа жылдамдығы 5 м/сек. Ең қатты жылдамдықты наурыз айында 6 м/сек, ал ең аз жылдамдығы тамыз айында 4 м/сек. Қатты желдер соғатын (15 м/сек) күндер саны – 40 кейде 87 күнге дейін созылады. Нұр-Сұлтан қаласында 36 м/сек жел әрбір 20 жыл сайын болып тұрады. Жаңбыр жауынының орташа жылдық жамылғысы 200-300 мм. Ең ірі өзендері – Есіл, Нұра, Теңіз, Қарасор, Қорғалжын, Балықтыкөл, Қыпшақ және т.б. Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстанның солтүстігінде, Ақмола облысының жерінде орналасқан.

## 1.2 Есепті жылу жүктемелері

Жылу желісінің жобасын алдымен жылыту, желдету және ыстық сумен қамту жүйелеріне қажетті жүктемені есептеуден бастау алады. Қажетті жылу жүктемелерін есептеудің түрлі нұсқалары бар және де ол тікелей ауданның жобалау сатысына, масштабына және бас жобадағы айқын ғимараттардың көрсетілуіне байланысты. Ең алдымен, жобаланатын аумақтың тұрғындар санын анықтаймыз:

$$m = F_{\text{кв}} \cdot \rho, \text{ адам} \quad (1.1)$$

$$m = 523,87 \cdot 350 = 183355,$$

мұндағы  $F_{\text{кв}}$  - бас жоба бойынша қабылданатын квартал ауданы, га;  
 $\rho$  - жобаланатын аумақтағы халық тығыздығы, адам/га.

Тұрғын саны белгілі болғаннан кейін жоба аумағындағы ғимараттардың жалпы ауданын табамыз:

$$A = m \cdot f, \text{ м}^2 \quad (1.2)$$

$$A = 183355 \cdot 18 = 3300381 \text{ м}^2 = 330,038 \text{ га},$$

мұндағы  $m$  - адам саны;

$f$  - тұрғын үйлердегі бір адамға қажетті жалпы аудан нормасы.

Қоғамдық және тұрғын ғимараттардың жылытуға арналған максималды жылу ағымдарын есептеуге арналған формула:

$$Q_o = q_o \cdot A \cdot (1 + K_1), \text{ Вт} \quad (1.3)$$

$$Q_o = 87 \cdot 3300381 \cdot (1 + 0,25) = 358,92 \text{ МВт},$$

мұндағы  $q_o$  - тұрғын үй ғимараттарын жылытуға үлкейтілген максималды жылу ағынының коэффициенті, Вт/м<sup>2</sup>, жаңарған жоба ғимараттарының тұрғызылған жылына және тұрғын үйлердің қабат санын ескере келе, сонымен қатар сыртқы ауаның 5 күндік орташа ауа температурасына (минус 31.2 °С) байланысты қабылданады.

$A$  - құрылыстың ауданы, м<sup>2</sup> ;

$K_1$  - тұрғын үй ғимараттарын жылыту үшін жылу ағымды есепке алатын коэффициент 0,25 деп қабылданады.

Тұрғын үй ғимараттарды желдетуге максималды жылу ағымы келесі формула бойынша есептеледі:

$$Q_v = q_o \cdot A \cdot K_1 \cdot K_2, \text{ Вт} \quad (1.4)$$

$$Q_v = 87 \cdot 3300381 \cdot 0,25 \cdot 0,6 = 43,07 \text{ МВт} ,$$

мұндағы  $K_2$  - тұрғын үй ғимараттардың желдетуі үшін жылу ағынын ескеріп отыратын коэффициент, бұл жағдайда ғимарат 1985 жылдан кейін салынғандықтан 0,6 деп қабылданады.

Қоғамдық ғимараттарды ыстық сумен қамтуға қажетті орташа жылу ағымы келесідей:

$$Q_{hm} = q_h \cdot m , \text{ Вт} \quad (1.5)$$

$$Q_{hm} = 407 \cdot 183355 = 74,6253 \text{ М} ,$$

мұндағы  $q_h$  – тұрғын үй ғимаратында бір адамға керек ыстық су жүйесінің жылу ағынының орташа коэффициенті, Вт. Тәулігіне тұрғын үйлерде 1 адамға кететін ыстық су мөлшері 115 литр, сондықтан бір адамға керек ыстық судың жүйесі жылу ағынының орташа көрсеткіші 407 Вт/адам деп қабылданады.

Жылытылмайтын маусымда ыстық сумен қамту үшін жылу ағымы анықталады:

$$Q_{hm}^s = Q_{hm} \cdot \frac{60 - t_c^s}{60 - t_c} \cdot \beta , \text{ Вт} \quad (1.6)$$

$$Q_{hm}^s = 74,6253 \cdot 10^6 \cdot \frac{60 - 15}{60 - 5} \cdot \beta = 48,846 \text{ МВт} ,$$

мұндағы 60-ыстық судың есепті температурасы, °С;

$t_c^s, t_c$  - жылытылатын және жылытылмайтын маусымдарда суық су температуралары, олар 5 °С және 15 °С болып қабылданады;

$\beta$  - жылытылмайтын мерзімде ыстық сумен қамту үшін жылытылатын мерзімге қатысты ыстық судың орташа шығынының өзгеруін ескеретін коэффициенті туралы мәлімет болмаған жағдайда 0,8 деп қабылданады.

Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды ыстық сумен үшін максималды жылу ағымы:

-жылытылатын мерзімде:

$$Q_{\max} = 2,4 \cdot Q_{hm} , \text{ Вт} \quad (1.7)$$

$$Q_{\max} = 2,4 \cdot 74,653 \cdot 10^6 = 179,101 \text{ МВт} ,$$

- жылытылмайтын мерзімде:

$$Q_{\max} = 2,4 \cdot Q_{hm}^s , \text{ Вт} \quad (1.8)$$

$$Q_{\max} = 2,4 \cdot 48,846 \cdot 10^6 = 117,23 \text{ МВт},$$

мұндағы 2,4 – ыстық сумен жабдықтауға кететін жылу энергиясын тұтынудың сағаттық тепе-теңдік коэффициенті.

Жылу ағынының жалпы мәнін анықтаймыз:

$$\sum Q = Q_o + Q_v + Q_{hm}, \text{ Вт} \quad (1.9)$$

$$\sum Q = (358,92 + 43,07 + 74,62) \cdot 10^6 = 476,612 \text{ МВт},$$

### 1.3 Жылдық жылу жүктемелер шығыны және ашық жылумен қамту жүйесі

Жылумен қамтамасыздандыратын аудандар үшін міндетті түрде жылдық жылу жүктемелері анықталады, себебі жылдық жылу жүктемелерінің қосындысы жылу көзінде жылу энергиясын өндіруде пайдаланатын отын шығындарын анықтау үшін, жылу өндіргіш қондырғыларын ұтымды пайдалану үшін және жылумен қамту жүйесін жобалауда техника-экономикалық есептер өткізу үшін қолданылады.

Жобалайтын аудандар үшін жылдық жылу жүктемелері анықталады:

1) Тұрғын және қоғамдық ғимараттар үшін жылдық жылу жүктемесі:

- жылытуға:

$$Q_o^{\text{жыл}} = 86,4 \cdot Q_{om} \cdot n_o, \text{ кДж/жыл} \quad (1.10)$$

$$Q_o^{\text{жыл}} = 86,4 \cdot 177271 \cdot 209 = 3201,08 \text{ МДж/жыл},$$

- желдетуге:

$$Q_v^{\text{жыл}} = 3,6 \cdot Q_{vm} \cdot n_o \cdot Z, \text{ кДж/жыл} \quad (1.11)$$

$$Q_v^{\text{жыл}} = 3,6 \cdot 16 \cdot 2127 \cdot 209 = 122,515 \text{ МДж/жыл},$$

- ыстық сумен қамтуда:

$$Q_{hm}^{\text{жыл}} = 86,4 \cdot [Q_{hm} \cdot n_o + Q_{hm}^s (350 - n_o)], \text{ кДж/жыл} \quad (1.12)$$

$$Q_{hm}^{\text{жыл}} = 86,4 \cdot [74625 \cdot 209 + 48846 \cdot (350 - 209)] = 1942,6 \text{ МДж/жыл},$$

мұндағы  $Z$  – қоғамдық ғимараттарда желдету жүйесінің тәулік бойы орташа жұмыс уақытының сағатының саны, қоғамдық ғимараттарға 16 сағат, яғни 2 ауысым қабыданады;

350 – жылумен қамту жүйесінің жыл бойы жұмысының тәуліктік саны;

$n_0$  – жылытылатын маусымының ұзақтылығы, 166 тәулік қабылданады.

2) Жылдық жылу шығындарының қосындысын есептеу:

$$\sum Q^{\text{жыл}} = Q_o^{\text{жыл}} + Q_v^{\text{жыл}} + Q_{\text{hm}}^{\text{жыл}}, \text{ кДж/жыл} \quad (1.13)$$

$$\sum Q^{\text{жыл}} = 3201.08 + 122.515 + 1942.6 = 5266.195 \text{ МДж/жыл},$$

3) Жылыту кезеңінде орташа жылу ағыны:

- жылытуға:

$$Q_{\text{om}} = Q'_o \cdot \frac{t_i - t_n}{t_i - t_o}, \text{ Вт} \quad (1.14)$$

-желдетуге:

$$Q_{\text{vm}} = Q'_v \cdot \frac{t_i - t_n}{t_i - t_o}, \text{ Вт}, \quad (1.15)$$

мұндағы  $t_i$  – жылытылатын ғимараттың ішкі ауа орташа температурасы, 18 °С деп қабылданады;

$t_n$  – жылытылатын маусым кезіндегі сыртқы ауаның ағымды температурасы;

$t_o$  – сыртқы ауа есепті температурасы. Ағымды сыртқы ауа температурасына сәйкес жылу ағындарының есептеу нәтижесі 1.1-кестесінде көрсетілген.

### 1.3.1 Ашық жылумен қамту жүйелері

Ашық жылумен жабдықтау жүйелері тұтынушының қажеттіліктері үшін ыстық суды бөлу тікелей жылу желісінен шығатындығымен сипатталады, сонымен қатар ол толық немесе ішінара болуы мүмкін. Жүйеде қалған ыстық су жылыту немесе желдету үшін пайдаланылуда.

Бұл әдіспен жылу желісіндегі су шығыны жылу желісіне берілетін судың қосымша мөлшерімен өтеледі. Ашық жылумен жабдықтау жүйесінің артықшылығы оның экономикалық пайдасына байланысты.

Сонымен қатар, мұндай жылумен жабдықтау жүйесінің бірқатар маңызды кемшіліктері бар екенін ескермеуге болмайды. Ең алдымен, бұл судың төмен санитарлық-гигиеналық сапасы. Жылыту құралдары мен құбыр желілері суға

ерекше иіс пен түс береді, түрлі бөгде қоспалар, сондай-ақ бактериялар пайда болады. Ашық жүйеде суды тазарту үшін әдетте әртүрлі әдістер қолданылады, бірақ оларды қолдану экономикалық әсерді төмендетеді.

Жылу желілеріне қосылу тәсілі бойынша жылумен жабдықтаудың ашық жүйесі тәуелді болуы мүмкін, яғни элеваторлар мен сорғылар арқылы қосылуы немесе жылу алмастырғыштар арқылы тәуелсіз схема бойынша қосылуы мүмкін. Жылумен жабдықтаудың ашық схемасы термодинамика заңдары негізінде жұмыс істейді: ыстық су жоғары көтеріледі, соның арқасында қазандықтың шығысында жоғары қысым пайда болады, ал жылу генераторына кіре берісте аздап разряд пайда болады. Содан кейін сұйықтық жоғары қысым аймағынан төменгі аймаққа жіберіледі және нәтижесінде салқындатқыштың табиғи айналымы жүзеге асырылады. қыздырылған күйде удучи, судың көлемі ұлғаяды, сондықтан жылу жүйесінің бұл түрі үшін фотодағыдай ашық кеңейту ыдысы қажет – бұл құрылғы мүлдем ағып кетпейді және атмосфераға тікелей қосылады. Сондықтан мұндай жылумен қамтамасыз ету тиісті атауға ие болды - жылумен жабдықтаудың ашық су жүйесі.

Ашық түрде су 65 градусқа дейін қызады, содан кейін тұтынушыларға келетін су тарату шүмектеріне беріледі. Жылумен жабдықтаудың бұл нұсқасы қымбат жылу алмастырғыш жабдықтардың орнына арзан араластырғыштарды пайдалануға мүмкіндік береді. Қыздырылған суды талдау біркелкі емес болғандықтан, соңғы тұтынушыға жеткізу желілері максималды тұтынуды ескере отырып есептеледі.

### 1.3.2 Жылытуға температуралық графигінің есебі және жылу жіберуді реттеу есебі

Жылу жіберуді сапалық реттеу жылу тасымалдағыштың есепті температураларына байланысты болады. Жылу тасымалдағыштың сыртқы ауау параметрлеріне байланысты ауытқуы мүмкіндігін ескере отырып сыртқы ауа температурасына байланысты есепті температураларды қабылдаймыз.

Жылу желілерінің беретін құбырындағы тасымалдаушының температурасы сыртқы ауа температурасы 15°C болған кездегі мысалмен:

$$\tau_{01} = \tau_i + (\tau'_{жа} - \tau_i) \cdot Q_o^{0.75} + (\tau'_{01} - \tau'_{жа}) \cdot Q_o, \text{ } ^\circ\text{C} \quad (1.16)$$

$$\tau_{01} = 18 + (82,5 - 18) \cdot 0,358^{0.75} + (150 - 82,5) \cdot 0,358 = 72.016 \text{ } ^\circ\text{C},$$

Сыртқы ауа температурасы 15°C болған кездегі жылу желілерінің қайтатын құбырларындағы температура:

$$\tau_{02} = \tau_{01} - (\tau'_{01} - \tau'_{02}) \cdot Q_o, \text{ } ^\circ\text{C} \quad (1.17)$$

$$\tau_{o2}=72.016 - (150 - 70) \cdot 0,358=43.376 \text{ }^{\circ}\text{C} ,$$

Элеватордан шыққан судың жылыту жүйесінің беретін құбырындағы температурасы:

$$\tau_{cm}=\tau_{o1} - (\tau'_{o1} - \tau'_{cm}) \cdot Q_o, \text{ }^{\circ}\text{C} \quad (1.18)$$

$$\tau_{cm}=72.016 - (150-95) \cdot 0,358=52.326 \text{ }^{\circ}\text{C} ,$$

мұндағы  $Q_o = \frac{t_i - t_H}{t_i - t_o}$  — жылыту жүйесінің салыстырмалы ағындары;

$\tau'_{o1}$  — жылу тасымалдау желісінің беретін құбырындағы есепті су температурасы,  $^{\circ}\text{C}$ ;

$\tau'_{o2}$  — жылу тасымалдау желісінің қайтатын құбырындағы есепті су температурасы,  $^{\circ}\text{C}$ ;

$\tau'_{cm}$  — жергілікті жылыту жүйесінің беретін құбырындағы су температурасы,  $^{\circ}\text{C}$ ;

$t_i$  — жылытылатын бөлмеге қажетті іші ауа температурасы болып есептелінеді.

$\tau'_{жа}$  — жылыту аспаптарындағы судың орташа температурасы,  $^{\circ}\text{C}$ .

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша жылытылатын мерзім үшін плюс  $8^{\circ}\text{C}$  минус  $31,2^{\circ}\text{C}$  дейін сыртқы ауа температураларының әрбіріне сәйкес жылу желісінің беретін, қайтатын және жергілікті жылыту жүйесінің беретін құбырының температуралары есептелінеді.

Жылу жүйесіне жылыту желісінен шығатын шығындарды есептелінеді:

$$G_o = \frac{Q_o}{c(\tau'_{o1} - \tau'_{o2})}, \text{ кг/с} , \quad (1.19)$$

мұндағы  $c$  — судың жылу сыйымдылығы  $100^{\circ}\text{C}$  сәйкес,  $\text{кДж/кг }^{\circ}\text{C}$ ;

$Q_o$  — жылу ағыны,  $\text{Вт}$ .

Жылу беруді ретке келтіру мәліметтері:

-есепті жылу жүктемесі  $358,91 \text{ МВт}$

-жылыту жүйелерінің сыртқы ауасының температурасы минус  $31,2^{\circ}\text{C}$ ;

-бөлменің ішкі ауа температурасы  $18^{\circ}\text{C}$ ;

-жылу тораптарындағы беретін желілеріндегі есепті судың температурасы  $\tau'_{o1}=150^{\circ}\text{C}$ ;

-жылыту жүйесінде беретін құбырындағы есепті судың температурасы  $\tau'_{cm}=95^{\circ}\text{C}$ ;

-жылыту жүйесінде қайтатын құбырларындағы есепті судың температурасы  $\tau'_{o2}=70^{\circ}\text{C}$ ;

-жылыту құралында жылу тасымалдағыштардың орташа температурасы  $\tau'_{жа}=82,5^{\circ}\text{C}$ ;

-жылыту аспабындағы судың орташа температурасы  $t'_{pr}=82,5^{\circ}\text{C}$ .

Анықталған беретін және қайтатын желілік құбырлардың температураларына байланысты график тұрғызылады, ол сәйкесінше температуралық график деп аталынады. Сынық нүктесі жылыту жүйесіне лайықталып алынады.

#### **1.4 Жылу желілерінің құрылымы, төселу тәсілдері және сулы жылу желілері**

Жылу желісі-орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелерінің ең қымбат және көп еңбекті қажет ететін элементтерінің бірі. Бұл жылу құбырлары - болат құбырларды, жылу оқшаулауын, жылу ұзартқыштарының компенсаторларын, бекіту және реттеу арматураларын, Құрылыс конструкцияларын, жылжымалы және бекітілген тіректерді, камераларды, дренажды және ауа өткізгіштерді дәнекерлеу арқылы өзара байланысқан күрделі құрылымдар.

Параллель салынған жылу құбырларының саны бойынша жылу желілері бір құбырлы, екі құбырлы және көп құбырлы болуы мүмкін. Бір құбырлы желілер ең үнемді және қарапайым. Оларда жылыту және желдету жүйелерінен кейін желілік су толығымен ыстық сумен жабдықтау үшін пайдаланылуы керек. Бір құбырлы жылу желілері жылу желілерін салу қарқынын едәуір жеделдету тұрғысынан прогрессивті. Үш құбырлы желілерде екі құбыр әртүрлі жылу потенциалы бар салқындатқышты беру үшін, ал үшінші құбыр жалпы кері байланыс ретінде қолданылады. Төрт құбырлы желілерде бір жұп жылу және желдету жүйелеріне, ал екіншісі ыстық сумен жабдықтау жүйесіне және технологиялық қажеттіліктерге қызмет етеді.

Бу жылу желілері негізінен екі құбырлы болып табылады. Конденсатты қайтару жеке құбыр-конденсат құбыры бойынша жүзеге асырылады. ЖЭО-дан бу құбыры бойынша 40-60 м/с және одан жоғары жылдамдықпен бу тұтыну орнына жіберіледі. Бу жылу алмастырғыштарда қолданылған жағдайда оның конденсаты конденсат бактарында жиналады, ол жерден конденсат құбыры бойынша сорғылармен ЖЭО-ға қайтарылады.

Су жылу желілері буға қарағанда кеңірек қолданылады, бұл судың жоғары сақтау қабілетіне байланысты, бұл ұзақ жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сонымен қатар үнемділік пен тұтынушыларға жылу беруді Орталық реттеу мүмкіндігі.

Жергілікті жүйелерді, яғни тұрғын үй ғимараттары, қоғамдық ғимараттар болсын қысымы жоғары жылу желілеріне қосу талап етілген ережелерге сәйкесінше жүргізілуі тиіс. Жергілікті жүйені іске қосу үшін ең алдымен қайтатын құбырлардығы ысырма ашылуы тиіс, себебі жылу жүйесінің барлығы қайтатын құбырдағы төменгі қысымға қойылады. Жылу желілерінен ажырату да тәртіппен өтеді ең алдымен беретін құбырдағы ысырма жабылып соңынан қайтатын құбырдағы ысырма жабылады.

Тәуелсіз қосудың тиімділіктері:

- жылу көзінен жоғарғы температураға ие болған тасымалдағышты қолдану салдарынан жылуды тасымалдау шығынын төмендету;
- жылу желісіндегі су шығындарымен температуралық параметрлерін өзгерту ықтималдылығы;
- жылытудағы судың дербес айналуы.

Жылу желісінің жобасын жасап бастау әрбір жылумен қамтамасыз етілетін ғимараттардың типіне байланысты жылу шығынын анықтаудан бастау алынады. Жылу торабын тұрғызу тек есептелінген мәліметтерге ғана тәуелді емес, орналастыру орнына байланысты бірнеше шарттарды ескеру қажет. Олар жасыл егінділерді, трамвай жолдарының астымен, ток сымдары қапталынған жерлермен өткізуге болмайды. Жылу желілерінің құрылымы екі түрге бөлінеді: радиалды және шеңберлі. Солтүстік-Батыс ауданын жылумен қамтамасыз ету барысында ауданы үлкен аумақты алмағандықтан радиалды жылу желілері толығымен сәйкес келеді.

Құбыр төсемдерінің негізгі түрлері жер асты және жер үсті болып табылады. Жер асты құбырларын төсеу ең көп таралған. Ол құбыржолдарды тікелей жерде (арнасыз) және арналарда төсеуге бөлінеді. Жер үстінде төсеу кезінде құбырлар жер үстінде немесе жер үстінде, олар көлік қозғалысына кедергі келтірмейтіндей деңгейде болуы мүмкін. Жерүсті төсемдері қала сыртындағы магистральдарда жыралар, өзендер, теміржолдар және басқа да құрылыстар қиылысқан кезде қолданылады.

Жер бетінде орналасқан немесе ішінара тереңдетілген арналардағы немесе науалардағы құбырлардың жер үсті төсемдері, әдетте, мәңгі мұзды топырақтары бар жерлерде қолданылады.

Құбырларды орнату әдісі объектінің жергілікті жағдайларына – мақсатына, эстетикалық талаптарына, ғимараттар мен коммуникациялармен күрделі қиылыстардың болуына, топырақ санатына байланысты және мүмкін нұсқалардың техникалық – экономикалық есептеулерінің негізінде қабылдануы керек. Құбырларды сусыз және каналдарсыз жерасты төсеуді қолдана отырып, жылу трассасын орнатуға ең аз күрделі шығындар қажет. Бірақ жылу энергиясының едәуір жоғалуы, әсіресе ылғалды топырақтарда, айтарлықтай қосымша шығындарға және құбырлардың мерзімінен бұрын істен шығуына әкеледі. Жылу өткізгіштердің сенімділігін қамтамасыз ету үшін оларды механикалық және термиялық қорғауды қолдану қажет.

Жер астындағы құбырларды орнату кезінде құбырларды механикалық қорғау каналдарды орнату арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін, ал жылу қорғанысы құбырлардың сыртқы бетіне тікелей қолданылатын жылу оқшаулауын қолданумен шатастырылуы мүмкін. Құбырларды оқшаулау және оларды арналарда төсеу жылу трассасының бастапқы құнын арттырады, бірақ пайдалану сенімділігін арттыру және жылу шығынын азайту арқылы пайдалану процесінде тез өтеледі.

Жер астындағы жылу желілерінің құбырларын орнату кезінде екі әдісті қолдануға болады: жерге құбырларды тікелей төсеу (арнасыз), арналарда құбырларды төсеу (каналдық).

Жылжымайтын тіреулер жылу құбырларын белгіленген жерде орнынан қозғалтпай бекітеді және температуралық деформациялар мен ішкі қысым арқылы күш әсерлерін қабылдайды. Жылу желілерінде жылжымайтын тіреулер жобалауымен тәуелсіз учаскелерге бөлініп орналасады. Жылжымалы тіреулер – температуралық ұзаруларға ұшырыған құбырларды өстік бағытта жылжыуына ықтималдылығын тигізеді. Өстік теңелткіштер тік сызықты учаскілерде қолданылады, компенсациялық күш өстік ұзаруға жұмсалынады. Бұндай типті теңелткіштер тобына: П – тәрізді, сальникті, сальфонды және де линзалы кіреді.

Көп қолданыстағы П – тәрізді теңелткіш сальникті және сальфонды теңелткішке қарағанда орналасу орны кең орын алады, бұндай типтегі компенсаторлар диаметрлері кіші желілерде қолданған тиімді. Сальникті сальфонды теңелткіштер орналастырылуы кең орынды талап етпейді, бірақ екі типтегі теңелткіштер айырмашылығы сальникті теңелткіш қажетті күтімді талап етеді. Сальфонды теңелткіш тиімді және күтімді талап етпейді конструкциялық шешімі жеңіл. Солтүстік-Батыс ауданы қаланың ішінде орналасқандықтан, теңелткіш ретінде сальникті компенсаторларды қоямыз.

### 1.5 Есепті су шығындарын есептеу

Жылумен қамту жүйелерінің гидравликалық есептерін жүргізу үшін әрбір ғимараттың жылу шығынын есептеуді қажет етеді. Желілік судың шығынының нәтижелерін желдету, жылыту жүйелерімен ыстық сумен қамту жүйелеріне жеке есептелініп ортақ су шығыны есептелінді. Желілік су шығындары екі мерзімге есептелінеді жылытылатын және жылытылмайтын.

Жылытылатын мерзімге құбырлардағы есепті су шығыны:

$$G_d = G_0 + G_v + K_3 G_{ihm}, \text{ кг/с} \quad (1.20)$$

$$G_d = 1071,008 + 128,521 + 0 = 1199,529 \text{ кг/с},$$

мұндағы  $G_0, G_v, G_{ihm}$  – жылытумен желдету жүйелеріне және ыстық сумен қамтуға есептік судың шығындары, кг/с;

$K_3$  – ыстық сумен қамту жүйелеріне орташа судың шығынының үлесін ескеретін коэффициент. Біріккен жылыту және ыстық сумен қамту жүктемелері бойынша жылу жіберуді реттеу кезінде коэффициент  $K_3 = 0$ .

Жылытылмайтын мерзімге құбырындағы есепті су шығыны:

$$G_d^s = \beta \cdot G_{hmax}, \text{ кг/с} \quad (1.21)$$

Жылу энергиясын қолданатын тұтынушылар үшін су шығыны анықталады:

- жылыту жүйесіне

$$G_o = \frac{Q_o \cdot 10^3}{c(\tau'_1 - \tau'_2)}, \text{ кг/с} \quad (1.22)$$

$$G_o = \frac{358,916 \cdot 10^3}{4,189(150-70)} = 1071 \text{ кг/с}$$

- желдету жүйесіне

$$G_v = \frac{Q_v \cdot 10^3}{c(\tau'_1 - \tau'_2)}, \text{ кг/с} \quad (1.23)$$

$$G_v = \frac{43,07 \cdot 10^3}{4,189(150-70)} = 128,52 \text{ кг/с},$$

мұндағы  $Q_o$  – жылыту жүйесінің жүктемесі, кВт;

$Q_v$  – желдету жүйесінің жүктемесі, кВт;

$c$  – судың жылу сыйымдылығы  $100^\circ\text{C}$  сәйкес, кДж/кг  $^\circ\text{C}$ ;

$\tau'_1$  – жылу тасымалдау желісінің беретін құбырындағы есепті су температурасы,  $^\circ\text{C}$ ;

$\tau'_2$  – жылу тасымалдау желісінің қайтатын құбырындағы есепті су температурасы,  $^\circ\text{C}$ .

Жылытылмайтын мерзімдегі ыстық сумен қамтуға ашық жылумен жабдықтауға арналған су шығыны:

- орташа

$$G_{hm} = \frac{Q_{hm} \cdot \beta \cdot 10^3}{c(t_h - t_c)}, \text{ кг/с} \quad (1.24)$$

$$G_{hm} = \frac{74,625 \cdot 0,8 \cdot 10^3}{4,189(60-5)} = 259,12 \text{ кг/с}$$

- максималды

$$G_{hmax} = \frac{Q_{hmax} \cdot 10^3}{c(t_h - t_c)}, \text{ кг/с} \quad (1.25)$$

$$G_{hmax} = \frac{179,101 \cdot 10^3}{4,189(60-5)} = 777,364 \text{ кг/с},$$

мұндағы  $c$  – судың меншікті жылусыйымдылығы, қабылданады  $4,189$  кДж/кг  $^\circ\text{C}$ ;

$t_h, t_c$  – ыстық және суық судың температуралары, °C;

$\beta$  – жылытылатын мерзімге қарағанда жылытылмайтын мерзімдегі ыстық сумен қамту жүйесінің орташа жылу ағынының өзгеруін ескеретін коэффициенті, есеп бойынша 0,8 қабылданады.

### 1.5.1 Жылу желілерінің гидравликалық тәртіптері және есебі

Жылу желілерін жобалау кезінде гидравликалық жүйенің негізгі міндеті есептеу құбырдың диаметрін берілген жылу шығыны мен бүкіл желідегі немесе жеке желілердегі қысымның өзгеруіне байланысты анықтаудан тұрады оның учаскелері.

Жылу желілерін пайдалану процесінде учаскелердегі жылу тасымалдағыштың шығыстарын айқындау бойынша кері міндеттерді шешу қажеттілігі туындайды гидравликалық кесулер өзгерген кезде жекелеген нүктелердегі желілер немесе қысымдар (тексеру есебі).

Осылайша, гидравликалық есептеу міндеті:

- 1) құбырлардың диаметрін анықтау;
- 2) қысымның төмендеуін (арынды) анықтау;
- 3) желінің әртүрлі нүктелеріндегі қысым (қысым) шамаларын белгілеу;
- 4) жүйенің барлық нүктелерін статикалық және динамикалық режимдерде байланыстыру.

Гидравликалық есептеу нәтижелері келесі тапсырмаларды шешу үшін бастапқы материал береді:

- 1) Күрделі салымдарды, металдың (құбырлардың) және негізгі жылу желісін салу бойынша жұмыс көлемі;
- 2) циркуляциялық және қоректендіру насостарының сипаттамаларын, насостардың санын және оларды орналастыруды белгілеу;
- 3) жылу желісінің және абоненттік жүйелердің жұмыс шарттарын және абоненттік қондырғылардың жылу желісіне қосылу схемаларын анықтау;
- 4) жылу желісі мен абоненттік енгізу үшін автореттегіштерді таңдау;
- 5) пайдалану режимдерін әзірлеу.

Гидравликалық есептеуді жүргізу үшін сызба және жылу желісінің профилі, станция мен тұтынушылардың орналасуы және жұп жүктемелер көрсетілген. Құбыр бойындағы қысым жоғалуы:

$$\Delta P = \Delta P_{\text{л}} + \Delta P_{\text{м}}, \text{ Па} \quad (1.26)$$

мұндағы  $\Delta P_{\text{л}}$  – ұзындыққа жоғалатын қысым, Па;

$\Delta P_{\text{м}}$  – жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым, Па.

Ал ұзындықта жоғалатын қысымның анықталуы:

$$\Delta P_{\text{л}} = \Delta R_{\text{л}} \cdot l, \text{ Па}, \quad (1.27)$$

мұндағы  $R_{\text{л}}$  — әр 1 метр ұзындықтағы қысымның жоғалуы;

$l$  — учаскілердегі құбыр ұзындықтары.

Жылу желілеріндегі диаметрлерді анықтау барысында жылу тасымалдағыш судың жылдамдығын ескерген жөн, яғни жылу желілерімен қозғалатын су жылдамдығы 3,5 м/с дейін таңдалынады.

Жылу құбыр тораптарындағы жергілікті кедергілердің анықталуы:

$$\Delta P_{\text{м}} = \Delta R_{\text{л}} \cdot l \cdot \alpha, \text{ Па}, \quad (1.28)$$

мұндағы  $\alpha$  — құбыр диаметрлеріне және теңелткіш түріне қатысты жергілікті кедергілердің қосынды эквиваленттік қашықтықтарын анықтайтын коэффициент.

Жылу құбырларының әрбір учаскідегі қысым жоғалуларын (1.20) және (1.21) өрнектерін біріктіру арқылы есептеу жүргізуге болады, ол төмендей жолмен есептелінеді:

$$\Delta P = \Delta R_{\text{л}} \cdot (1 + \alpha) = R_{\text{л}} \cdot l_{\text{пр}}, \text{ Па}, \quad (1.29)$$

мұндағы  $l_{\text{пр}}$  — учаскінің есептелінген ұзындығы, м.

Учаскелердігі жоғалатын арын сәйкесінше өнекпен есептелінеді:

$$\Delta H = \frac{\Delta P}{\rho \cdot g}, \text{ м}, \quad (1.30)$$

мұндағы  $g$  — судың бос құлауындағы жылдамдығы, қабылданады 9,81 м/сек<sup>2</sup>;

$\rho$  — судың тығыздығы, қабылданады 958,1 кг/с.

Жылу желісінің беруші және кері құбырларының еркін нүктесіндегі жылу тасымалдағыштың қысымын анықтау үшін, сондай-ақ орналасқан қысымды анықтау үшін пьезометриялық график (қысым графигі) салынады. Құбырдың осіндегі берілген нүктедегі қысым пьезометриялық деп аталады, сондықтан қысым графигі пьезометриялық деп аталады. Пьезометриялық диаграмманы қолдана отырып, абоненттерді қосудың ұтымды схемаларын қабылдау, желілік және тамақтандыру сорғыларының қысымын есептеу, сорғы сорғыларын орнату қажеттілігі ыңғайлы.

Пьезометриялық график құру кезінде абсцисса осі бойынша жылу көзінен бастап негізгі магистральдың ұзындығын кейінге қалдырады. Ординат осі бойынша рельеф профилі салынып, магистраль нүктелерінде орналасқан ғимараттардың биіктігі белгіленеді. Мұндай координаталық тордың сипаттамалық нүктелерінде (жылу көзінде, филиалдарда, абоненттерде) гидравликалық есептеу кезінде алынған қысымның жоғалуы байқалады. Ординат осі бойынша есептеудің басталуы үшін желілік сорғыларды орнату белгісі (деңгейі) алынады. Беру және кері магистральдардың берілген нүктелеріндегі қысымның максималды және минималды белгілері қосылады,

жылумен жабдықтау жүйесінің динамикалық жағдайын сипаттайтын сызықтар (пьезометриялық график) алынады. Пьезометрлік графиктегі қайтатын құбырдағы қысымның жоғалуын көрсету шарттары:

- қайтатын құбырдағы қысым жоғалу сызығы статикалық тәртіптен төмендемеу керек;

- жылыту жүйелеріндегі қайтатын құбырдағы қысым статикалық қысымнан жоғары болуы керек, сонымен қайтатын желінің қысым сызығы кез-келген ғимараттан шартты түрде 3-5 м жоғары болуы тиіс;

- жылу желілеріндегі максималды қысымы 60 метрден аспауы тиіс,

- жылыту жүйелерінің аспаптарының талаптары бойынша;

- жылу желілерінің төменгі қысымы 5 метрден түспеуі тиісті, қысым деңгейі төмендейтін болса жылу торабында ауа пайда болу қаупі туындайды.

Жылу желілеріндегі төменгі қысым тасымалдағыш температурасына байланысты минималды қайнатпайтын арын қабылданады, ол  $115^{\circ}\text{C}$  - та 10 метрге тең.

Статикалық тәртіпке тоқталсақ, жылдың жылытылатын және жылытылмайтын мерзімін де қысым сол қалыпта статикалық тәртіп сызығынан төмендемеуі шарт себебі ауа кірісі басталып жүйеде тоттану пайда болуы мүмкін. Статикалық тәртіппен қамтамасыз етіп отыру, ол толтырғыш сораптарының қызметі.

## **1.6 Жылу желілерінің монтаждық сұлбасы және конструктивтік элементтері**

Жылу желілері болат құбырлардан жасалған. Бекіту және реттеу арматурасына вентильдер мен ысырмалар жатады. Гидравликалық ысырапты азайту үшін шыбықтың көлбеу орналасуы бар, реттелетін ағынның қисықтығы аз құрылымдар тиімді. Клапандар ағын пластинаның астына түсетін етіп орнатылады, бұл ашылу күшін азайтуға мүмкіндік береді, сонымен қатар тақтайшаны шыбықтан ажыратудан қорғайды.

Құбыр тіректері жылжымалы және қозғалмайтын болып бөлінеді, олардың біріншісі жылу құбырының массасын қабылдауға және көлденең бағытта еркін қозғалуды қамтамасыз етуге арналған, ал екіншісі стационарлық, бекітілген бекітуге арналған.

Жылу желілерінің басты құраушысы – жылу құбырлары. Құбырды таңдау жылу тасымалдағыш температурасына, орналасу аймағына, қысымына байланысты жүргізіледі. Есептелінген су шығындары мен жүргізілген гидравликалық есептер нәтижесінде әр учаскіге сәйкес диаметрлерді қабылдаймыз. Жылу желілерін жерасы каналсыз төсеу әдісі қолданылғандықтан құбырдың ППУ ПЭ оқшауланған түрі алынды.

ППУ оқшауланған типті болат құбырлар – болат құбырдың арнайы зауытта пенополиуретанмен қабатты қалың оқшау жүргізіліп, оқшауланған бетті полиэтилен қабықшасымен қаптау арқылы жасалынатын құбыр түрі.

